

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 мамырдағы N 401 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 45 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.01.26. N 45 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 50, 648-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

1) бюджет түсімдерінің сыныптамасында:

1 "Салықтық түсімдер" санатында:

05 "Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар" сыныбында:

1 "Қосылған құн салығы ішкі сыныбындағы 03 "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша шикізат секторы ұйымдарының өндірген тауарларына, орындаған жұмыстарына және көрсеткен қызметтеріне салынатын қосылған құн салығы" ерекшелігі алынып тасталсын;

2 "Акциздер" ішкі сыныбында:

06, 12, 15, 46-ерекшеліктер:

"06 Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шампан шараптары
12 Қазақстан Республикасының аймағында өндірілген шарап ішімдіктері
15 Қазақстан Республикасының аймағына импортталатын шарап ішімдіктер
46 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын шампан шараптары
" алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 09, 13, 16, 17, 19, 20, 21 және 22-ерекшеліктермен толықтырылсын:

"09 Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген сигареттер
13 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын сигареттер
16 Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген сигариллалар
17 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын сигариллалар

19 Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген никотині бар фармацевтикалық өнімді қоспағанда, тұтыну ыдысына салынған және түпкілікті тұтынуға арналған шегетін темекі, шайнайтын темекі, иіскейтін темекі және б а с қ а л а р

20 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын никотині бар фармацевтикалық өнімді қоспағанда, тұтыну ыдысына салынған және түпкілікті тұтынуға арналған шегетін темекі, шайнайтын темекі, иіскейтін темекі және б а с қ а л а р

21 Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген бренди

22 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын бренди";

03, 08, 10, 11, 14, 37, 43, 48, 50 және 51-ерекшеліктер мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"03 Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген этил спиртінің көлемдік үлесі 30-дан 60 процентке дейін күшті ликер-арақ бұйымдар

08 Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген этил спиртінің көлемдік үлесі 12-ден 30 процентке дейінгі градусы аз ликер-арақ бұйымдары

10 Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген фильтрлі сигареттер

11 Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген фильтрсіз сигареттер, п а п и р о с т а р

14 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын этил спиртінің көлемдік үлесі 1,5-тен 12 процентке дейінгі градусы аз ликер-арақ бұйымдары

37 Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген этил спиртінің көлемдік үлесі 1,5-тен 12 процентке дейінгі градусы аз ликер-арақ бұйымдары

43 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын этил спиртінің көлемдік үлесі 30-дан 60 процентке дейін күшті ликер-арақ бұйымдары

48 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын этил спиртінің көлемдік үлесі 12-ден 30 процентке дейінгі градусы аз ликер-арақ бұйымдары

50 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын фильтрлі с и г а р е т т е р

51 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын фильтрсіз с и г а р е т т е р , п а п и р о с т а р " ;

3 "Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер" ішкі сыныбындағы 16-ерекшелік мынадай редакцияда жазылсын:

"16 Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы";

2) бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" ф у н к ц и о н а л д ы қ т о б ы н д а :

01 "Ауыл шаруашылығы" кіші функциясында:

255 "Облыстың ауыл шаруашылығы департаменті (басқармасы) бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 018-бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"018 Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі